

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ертіс ауданының білім беру бөлімінің
«Ертіс ауылы сәбилер бақшасы»
комуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
27.04.2022 жылғы
№1 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Қатысқандар:35
Қатыспағандар:3

Тақырыбы: «Ертіс ауылы сәбилер бақшасы» КМҚК өзін өзі бағалауды өткізу
Мақсаты: Ұсынылатын білім беру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ме,млекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін талдау.

Күн тәртібі:

- 1.»2022 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Павлодар облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.11.2021 жылғы бұйрығымен; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 10-нан бұйрықтарымен танысу. 09.2021 жылғы №700 «Білім беру ұйымдарының өзін өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық»; 26.07.2021 жылғы №366 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері»
2. Мектепке дейінгі ұйымның өзін өзі бағалау үшін аттестаттау комиссиясын бекіту
3. 2017 жылдан 2022 жылға дейінгі қызмет ету кезеңінде мектепке дейінгі ұйымның қызметіне талдау жасау

Бірінші мәселе бойынша «Ертіс ауылы сәбилер бақшасы» басшысы Г.С.Сыздыкова педагогикалық ұжымды Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.11.2021 жылғы бұйрығымен таныстырды. Мектепке дейінгі ұйым 2022 жылдың маусым айында өтетіндіктен басшы 2017-2022 жылдар аралығында қызметтің барлық бағыттары бойынша сәбиелре бақшасына өзін өзі бағалау жүргізу қажеттілігі туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша Ертіс ауылының сәбилер бақшасының басшысы Г.С.Сыздыкова қатысушыларды сәбилер бақшасының өзін өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамын құру және бекіту жөніндегі 15.04.2022 жылғы бұйрықпен таныстырды.

Комиссия құрамына мыналар кіреді:

- Г.С.Сыздыкова – басшы, комиссия төрайымы;
- А.Е.Дауленова – әдіскер, комиссия төрайымының орынбасары;
- Б.Г.Сарсембаева – әдіскер, комиссия хатшысы
- С.Ж.Акимова – педагог-психолог, комиссия мүшесі;
- Н.Г.Салыбаева – информатика мұғалімі, хатшы, комиссия мүшесі
- М.А.Ахметова-бухгалтер, комиссия мүшесі

Әдіскерлер А.Е.Дауленова,Б.Г.Сарсембаева құжаттарды Бағалау критерийлерінің 3-тармағы2) тармақшасына сәйкес, Бағалау критерийлерінің 6- қосымшасына сәйкес ата-аналармен сауалнама жүргізу бойынша құжаттарды дайындасын

Мерзімі: 27.05.2022ж

Психолог С.Ж.Акимова инклюзивті білім беруді ұйымдастыру,педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру

Мерзімі: 27.05.2022ж

Тәрбиеші Н.Г.Салыбаева Бағалау критерийлерінің 4- тармағы 10 тармақшасына сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу жөніндегі құжаттарды дайындасын.

Мерзімі: 27.05.2022ж

Бухгалтер М.А.Ахметова педагогтардық шаттық кестесін,материалды техникалық базасын,негізгі құралды сатып алу,инвентаризация қорытындысын дайындау

Мерзімі: 27.05.2022ж

Педагогтер бағаланатын кезеңде өзін өзі бағалау үшін барлық құжаттарды толық көлемде ұсынсын.

Мерзімі: 27.05.2022ж

27.04.2022 жылғы №5 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

Білім беру қызметтерін ұсыну бойынша Ертіс ауылының сәбилер бақшасының тиімді қызметін объективті талдау және өзін өзі бағалау мақсатында:

1.2022 жылдың мамыр айынан бастап «Ертіс ауылының сәбилер бақшасы»КМҚК өзін өзі бағалауы өткізілсін.

2.Балабақша бойынша өзін өзі бағалау аттестациясынан өтуге өзін өзі аттестаттау комиссиясы бекітіліп,бұйрық шығарылсын.

3.Комиссия мүшелері 27.05.2022 жылға білім беру ұйымының өзін өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын.

4.27.05.2022 жылы өзін өзі бағалау қорытындысы бойынша №6 кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.

5.№3 кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы дайындалсын.

Төрайым:сәбилер бақшасының басшысы

Хатшы:сәбилер бақшасының әдіскері

Г.С.Сыздыкова

Б.Г.Сарсембаева

27.05.2022 жылғы
№2 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Қатысқандар:37
Қатыспағандар:0

Тақырыбы: «Ертіс ауылы сәбилер бақшасы» КМҚК өзін өзі бағалау қорытындысын шығару»

Мақсаты: «Ертіс ауылы сәбилер бақшасы» КМҚК-ның 2017-2022 жылдың мамыр айына дейінгі жұмыс кезеңінде білім беру қызметтері сапасының тиімді қызметіне толық өзін өзі бағалау және объективті талдау беру

Күн тәртібі:

1. 2017 жылдан бастап 2022 жылдың ақпан айына дейінгі жұмыс кезеңінде «Ертіс ауылы сәбилер бақшасы» КМҚК қызметін қорытындылау және өзін өзі бағалау бойынша шешім қабылдау
2. Сәбилер бақшасының өзін өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы мүшелерінің есебі

Педкеңестің барысы

1. Бірінші мәселе бойынша Ертіс ауылы сәбилер бақшасының басшысы Г.С.Сыздықованың сөзі тыңдалды. Ол педагогикалық ұжымды 2017 жылдан бастап 2022 жылдың мамыр айына дейінгі жұмыс кезеңіндегі барлық бағыттар бойынша мектепке дейінгі ұйымның өзін өзі бағалау қорытындыларымен таныстырды. 2019 жылдың қаңтар айынан бастап Ертіс ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 ақпанындағы «Ертіс ауылының балаларын мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту жөніндегі кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру туралы» №49/2 қаулысына сәйкес үш балабақша қосылды. Сондықтан

2017 жылдың құжаттары тек №2 балабақша базасында тексерілді. Қалған 1 корпус пен 2-ші корпус «Райса» 2019 жылдың қаңтар айынан бастап тексерілді. Өзін өзі бағалау бойынша барлық материалдар сканерленіп, дайындалды.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскерлер А.Е. Дауленова, Б.Г. Сарсембаева кадрлық құрам туралы, педагогтерді аттестаттау, курстық даярлау туралы, 2017-2022 оқу жылдары бойынша жүргізілген әдістемелік жұмыс туралы, тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру және жағдай жасау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес білім беру қызметтерін сақтау және орындау туралы сөз сөйледі. Баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасау туралы бейнематериалдар дайындалды. Барлық құжаттар жүленген және аналитикалық есеп жасалған.

Әдістемелік жұмыстың тиімді көрсеткіші 2017 жыл мен 2022 жылдың мамыр аралығында оқу жылдарында қойылған әдістемелік жұмыстың түрлі нысандарында жүзеге асырылған міндеттерді орындау және іске асыру болып табылады. Балабақша базасында тәрбиешінің кәсіби сапасын арттыру мақсатында «Жас педагог мектебі» жұмыс

істейді.сәбилер бақшасы өз қызметін Мектепке дейінгі ұйымның нормативтік базасын регламенттейтін құқықтық нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырды.Осы құжаттардың негізінде МЖБС міндеттерін іске асыруға бағытталған перспективалық жоспарлау жасалды.Жыл сайын балалардың ББд анық тау бойынша мониторингтік зерттеулер жүргізілді.2017 жылдан бастап 2022 жылдың мамырына дейін оқу жылдарының оң көрсеткіштері анықталды.Осы кезеңдегі бағдарламалық материалды барлық жастағы топтардың балалары барлық бөлімдер бойынша қолайлы деңгейде игерді.сондай ақ балабақша мамандары толық көлемде жұмыс істейді.Психологиялық-педагогикалық кабинет жұмыс істейді.Балабақша базасында педагог-психолог ЕБҚ етеін балаларға арналған жұмыс жоспарын әзірледі.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша медбике с.В.полякова сөз сөйледі.Ол педагогтерге 2017-2022 жылдың мамырына дейін атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді.талдау нәтижелері балабақшаның педкеңестері мен педсағаттарында тыңдалды.Мектепке дейінгі ұйымда балалардың 12 сағаттық болуына сәйкес 4 мезгіл тамақтану ұйымдастырылғанас блогында барлық қажетті жабдықтар бар.балабақшада 60 бала тегін тамақтанады.Олар аз қамтылған отбасы мен көпбалалаы отбасылар.

Үшінші мәселе бойынша басшы Г.С.Сыздыкова сөз сөйледі.Ол қорытынды жасап.педагогикалықкеңес шешімінің жобасын талқылауға шығарды.

27.05.2022 жылғы №2 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «Ертіс ауылының сәбилер бақшасының» КМҚК –да мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру қызметін жүргізу үшін барлық қажетті материалдар бар.
- 2.МДТОМЖС барлық салалары бойынша бағдарламалық материалдың нормалары орындалды.
- 3.Оқу тәрбие процесін ұйымдастыру МДҰ қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келеді.
- 4.Өзін өзі бағалау бойынша барлық материалдар сканерленіп,дайындалсын.

Төрайым:сәбилер бақшасының басшысы
Комиссия хатшысы:сәбилер бақшасының әдіскері

Г.С.Сыздыкова
Б.Г.Сарсембаева

